№3924
жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызмет көрсету туралы
ШАРТ

Алматы қ. **2019-01-03**

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019 жылғы 04.01.2019 года №Д-0002/19 сенімхат негізінде әрекет ететін коммерциялық директор Эльмира Юрьевна Байчигасова, бұдан әрі қарай «Жеткізуші» деп аталып, бір жағынан және "№20 бөбекжай-балабақшасы" МКҚК Жарғы негізінде әрекет ететін меңгеруші Молжигитова А.Т. бұдан былай «Тұтынушы» деп аталып, екінші жағынан, бірлесіп Тараптар деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (ары қарай –Шарт) жасасты.

1. Шартта қолданылатын негізгі түсініктемелер

1. Шартта келесі негізгі түсініктемелер қолданылады:

есептік кезең – жылумен жабдықтау үшін шартпен анықталған тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға ақы төлеу үшін ұсынылатын (күнтізбелік ай) уақыт кезеңі;

жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасы – Жеткізуші мен Тұтынушы арасындағы, олардың жылу желісінің теңгерімдік тиесілігіне сәйкес пайдалану жауапкершілігін белгілейтін жылу желісін бөлу нүктесі;

жылу энергиясы үшін есептесу – Жеткізушімен ұсынылған төлем құжат негізінде есептік кезең аяқталғаннан кейін тұтынылған жылу энергиясы үшін Тұтынушының ақы төлеуі;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіретін, жылу беретін және жылу тұтынатын қондырғылардан тұратын кешен;

жылу тұтынатын қондырғы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттілігі үшін пайдалануға арналған техникалық құрылғы;

жылу желісі – жылуды беруге, бөлуге арналған құрылғылар жиынтығы;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – кондоминиум объектісін басқару органы басқаруындағы көппәтерлі тұрғын үйлерге энергия беруші (энергия өндіруші) немесе энергиямен Жеткізуші ұйым арасындағы тараптардың пайдалану жауапкершілік шекарасы келісімімен немесе жылу тұтыну қондырғысының және/немесе жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын, тараптардың жылу тұтыну қондырғысы және/немесе жылу желісін бөлу нүктесі (Элеватор) басқару торабының кіру ысырмаларының бірінші бөлу ернемегі бойынша анықталады;

төлем құжаты – Жеткізуші есепке алатын аспап бар болса, онда соның нақты көрсеткіші, ал егер ол болмаса немесе уақытша бұзылған жағдайда, тұтынылған жылу энергиясы үшін есептік жолдар негізінде Тұтынушымен тұтынылған жылу энергиясы үшін төлем жүргізетін (есеп, хабарландыру, түбіртек, ескерту шот) құжат;

тұтынушы– жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметті пайдаланатын немесе пайдалануға ниетті жеке немесе заңды тұлға;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

уәкілетті орган ведомствасы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи момнполияларды реттеу, тұтынушылардың құқықтарын және бәсекелестікті қорғау комитеті;

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа да аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

жеткізуші – өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

2. Шарттың мәні

2. Жеткізуші Тұтынушыға біріктірілген жүйе арқылы жылу энергиясын Тараптардың теңгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігі актісімен айқындалған жауапкершілік шегінің баланстық иелік шегіне дейін жеткізуге міндеттенеді, ал Тұтынушы жылу энергиясын қабылдауға және қызмет көрсету құнын төлеуге міндеттенеді.

3.Жылу энергиясын беру режимі белгіленген мына жылу жүктемелерді:

жылыту 115 790 ккал/сағ.

желдеткіш - 0.000 ккал/сағ.

Ыстық сумен жабдықтау мах.(орт.) 163 365(143 295) ккал/сағ. қарастырады.

Жеткізуші жасаған және жергілікті атқарушы органмен келісілген 132°С температуралық кестеге сәйкес таратушы құбыржолдардағы жылу тасымалдағыштың температурасын қамтамасыз етеді.

Тұтынушы жылу энергиясын теңгерімдік тиесілік және пайдалану жауапкершілік шегіндегі мөлшерде қабылдайды.

Және:

1)Белгіленген жылу жүктемеге сәйкес жылу тасымалдағыш шығыны мына көлемді:

жылыту 1,87 $м^3$/сағ

желдеткіш 0 $м^3$/сағ

Ыстық сумен жабдықтау мах.(орт.) 2.51(2.20)$м^3$/сағ.

2)Жеткізуші жасаған және жергілікті атқарушы органмен келісілген 70°С температуралық кестеге сәйкес таратушы құбыржолдардағы жылу тасымалдағыштың температурасын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, тұтынушыға жеткізілітін жылу энергиясының парметрі (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілігі шегінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіші бойынша анықталады және Энергетика саласындағы мемлекеттік стандарттармен немесе өзге нормативтік-техникалық құжаттармен белігіленген талаптарға, сондай-ақ Жеткізушімен жасалған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес болуы тиіс.

3) жылыту кезеңінің басы мен соңы Алматы қаласы Әкімдігінің қаулысымен анықталады, ол қосу (ажырату) актісіне сай белгіленеді.

Жеткізуші Шартқа сәйкес Тұтынушыны жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

4) Шарттың жалпы соммасы 2 110 000 тг.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3. Қызметтерді ұсыну шарттары

4. Егер шартта өзгеше қарастырылмаса, Жеткізуші тұтынушыларға жылу энергиясын беруді үздіксіз жүргізеді.
5. Тұтынушының шартта көрсетілген жүктеме мен тұтынылатын жылу энергия санынан артық, бірақ алынған техникалық шарттарда мәлімделген және тіркелген жүктемеден артпайтындай етіп арттыру Тұтынушы өтінімі бойынша Жеткізуші ұйымның келісімімен шартқа сәйкестік өзгерістер енгізіледі.
6. Тұтынушы Шартпен анықталған жағдайларда Жеткізушіге жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтеріне төлем ақысын төлуге, сондай-ақ осы Шартта көзделген жылу энергиясын тұтынудың режимін және басқа да шарттарды орындауға міндеттенеді.
7. Жеткізуші электрэнергетика саласындағы басшы жүзеге асырған, мемлекеттік органдар бекіткен Жылу энергиясын пайдалану қағидаларымен және осы Шартта көзделген жағдайда Тұтынушыға жылу энергиясын беруді шектеу немесе тоқтатуға құқылы, соның ішінде:

1) Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну қондырғыларының жағдайы қанағаттанарлықсыз және апаттық жағдайдың туындауына немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндірген жағдайда Тұтынушыға міндетті түрде хабарлап, ары қарай толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін қайта есептеу жүргізіледі;

2) Жылу тұтыну қондырғыларының және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарының техникалық жағдайы мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Жеткізуші және Мемлекеттік энергетикалық қадағалау орган өкілдерін жібермеген жағдайда Тұтынушы кемінде үш тәулік бұрын ескертіледі;

3) осы Шарттың 8 тармағында қарастырылған жағдайда Тұтынушы кемінде үш тәулік бұрын ескертіледі;

4) жылу тұтыну жүйелерін есепке алу аспаптарына дейін қосқанда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өз бетімен қосқанда;

6) жылумен жабдықтау шартында белгіленген мерзімдерде пайдаланылған жылу энергиясы үшін төлем жүргізілмегенде, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда;

7) тұтынушының жылу тұтынушы қондырғылардың сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуі үшін жауапты деп тағайындалған тұлғасы және сәйкестігінше дайындалған персоналы ия болмаса осы қызмет түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарты болмаған жағдайда және күзгі-қысқы кезең жұмысына тұтынушыны жылу желілері мен жылу тұтынушы қондырғыларға техникалық дайындығы актісі болмағанда энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның жылу желілеріне қосқанда.

8) егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартта көзделген конденсат көлемінің 30 %-ынан кемін қайтарғанда;

9) энергиямен Жеткізуші ұйымның келісімінсіз шартта көрсетілген есептік жылу жүктемелері мен шарттық режимнен асыра қолданғанда;

Жеткізушімен жылу энергиясын беруді шектеу және тоқтату Тұтынушыны ескерту арқылы мынадай жағдайларда жүргізіледі:осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшалары бойынша -

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ескертусіз дереу тоқтатады.осы тармақтың 6) тармақшасы бойынша – кемінде үш тәулік бұрын, үздіксіз жылумен жабдықтау нысандардан басқа.

Сонымен қатар, Тұтынушыны жазбаша түрде ескертумен қолтаңбасын қойғызу арқылы жеке Тұтынушыға тапсырылады немесе Тұтынушыға SMS-хабарлама, телефонхат, факс, электрондық пошта арқылы жіберіледі.
8.Жаңа тұтынушыларды қосу және (немесе) жабдықты жөндеу бойынша энергия беруші ұйым жоспарлы жұмысын жүргізу үшін резервті қоректің болмауында жылумен жабдықтау үшін тұтынушыларды ажырату тәртібі Жылу энегриясын қолдану ережелеріне сәкес қарастырылады.

4. Жылу энергиясын есепке алу

9.Тұтынушының жылу тұтыну қондырғылары жылу энергиясына есептеу жүргізу үшін қажетті есепке алатын аспаптармен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алатын аспаптарды өз бетінше сатып алуға және орнатуға құқығы бар. Жеткізуші есепке алатын аспапты сатып алған және орнатқан жағдайда, Тұтынушы онымен қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңында орнатылған тәртіппен жылу энергиясын есепке алатын аспапты сатып алуға және орнатуға арналған сәйкес шарт жасайды.

10.Жылу энергиясын есепке алу үшін Өлшем бірліктерін қамтамасыз ететін мемлекеттік тізілімге енгізілген есепке алатын аспаптар пайдаланылады. Сонымен қатар, оларда метрологиялық тексеру мерзімі әрекет ететін және тексеруден өткізуге құқығы бар ұйымның алғашқы және мерзімдік тексеру өткені туралы белгісі болуы қажет. Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілімен тұтынушы өкілінің қатысуымен немесе оның өкілінің қатысуымен есепке алатын аспап көрсеткішін алу, ал егер есепке алу аспабында көрсеткішті қашықтықтан алу мүмкіндігі болса, онда Тұтынушы қатысуысыз.

Тұтынушының кінәсі бойынша екі есептік кезең ішінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкіндігі болмаған кезде және бұл ретте тұтынушы өзінің тұтынған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға ұсынбаса, онда энергиямен Жеткізуші ұйым өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеуді жүргізе отырып, жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есептеуге құқылы. Жеткізуші Тұтынушының кінәсі бойынша есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу мүмкіндігі болмағаны туралы журналға сәйкестік жазбаны жасау арқылы растайды. Есептеулерді салыстыру үшін шартта белгіленген мерзімде Тұтынушы энергиямен Жеткізуші ұйымға жылу энергиясын және жылу жеткізгішті есепке алу журналының көшірмесін немесе коммерциялық есепке алу аспабының тәуліктік мұрағаттық көрсеткіштерін ұсынады.
11.Жылу энергиясының есепке алатын аспабын күту, техникалық қызмет көрсету және мерзімдік тексеру энергия беруші (энергия өндіруші) немесе Тұтунышымен жеке шарт бойынша осы қызмет түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады. Тұтынушы жылу энергиясының есепке алатын аспабын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, тексеру жөнінде жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өз бетінше таңдауға құқылы.
12. Коммерциялық есепке алу аспаптарын тексеру, аспаптың аралық тексеру интервалына сәйкес, тексеру әдістемесінде белгіленген мерзімде, сондай-ақ мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша олардың көрсеткіштерінің дұрыстығына күмән келтірілген жағдайда жүргізіледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жоспардан тыс тексеру жүргізілген жағдайда, тексеру жөніндегі шығындарды жоспардан тыс тексеруді талап еткен тарап көтереді.
Егер жоспардан тыс тексеру кезінде коммерциялық есепке алу аспатарының көрсеткіштері олардың дәлдік сыныбы рұқсат етілген кінаратынан асып кетсе, онда жоспардан тыс тексеру жөніндегі шығындарды аспаптардың иесі төлейді. Басқа жағдайда, тексеру жөніндегі шығындарды тексеруді талап еткен тарап көтереді.
13.Жеткізушімен жеткізілген және Тұтынушымен қабылданған жылу энергиясының мөлшері есепке алатын аспабының көрсеткіші бойынша анықталады. Есепке алатын аспап болмаған жағдайда жылу энергиясының мөлшері есептеу жолымен анықталады.
14.Жылу энергиясын жіберуді есепке алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың жылу желілерінің теңгерімдік тиесілік бөлу шегінде жүргізіледі. Жылу энергиясын есепке алу аспабын жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, тараптардың жылу желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан жылу энергиясының есепке алу аспабын орнатқан жерге дейінгі аумақтағы жылу энергиясының шығындары, шарттық негізде, теңгерімінде жылу желісінің көрсетілген аумағы тұрған иегердің меншігіне жатқызылады.
Жылу шығынын есептеу немесе жылу шығынына сынақ жүргізу Тұтынушы және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым бірлесіп жүргізеді.
15.Тұтынушы меншігінде, сонымен қатар тұтынушылардың ортақ меншігінде тұрған жылу желісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жабдықтың техникалық жағдайы үшін жауаптылық тұтынушыға (ларға) жүктеледі және теңгерімдік тиесілік шегінде анықталады.
Жылу энергиясын есепке алу аспабын сақтау үшін жауаптылық оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілік шегінде анықталады.
Тұтынушы жылу тұтыну қондырғыларына қызмет көрсетуді өз бетінше немесе мамандандырылған ұйыммен шарт жасау бойынша жүргізе алады.
16.Егер жалпы үйлік есепке алатын аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым есепке алатын аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау жөнінде тұтыну нормасы бойынша көрсетілген кезеңге есептеу жүргізеді, бірақ бұл бір айдан аспауы тиіс, осы уақыт ішінде есептілік қалпына келуі қажет.
Тұтынушының кінәсі бойынша есепке алатын аспап істен шыққан жағдайда Жеткізуші жылу энергиясы үшін есептеуді орташа тәуліктік шығынымен жүргізеді. Сыртқы ауаның нақтылы температурасын ескере отырып, өткен жылғы ұқсас жылумен жабдықтау жөнінде қызметтер құнына қайта есептеу жүргізеді.
Коммерциялық есепке алу аспабын тексеруге алған жағдайда, Тұтынушымен тұтынған жылу энергиясын төлеу ақысы нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, алдыңғы кезеңдегі жылу энергиясының орташа тәуліктік шығынымен есептеледі.
Егер үйге ортақ есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша босатылған ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясы мен жылу тасымалдағыш көлемі арасында айырмашылық болған жағдайда, белгіленген тәртіппен есептелінетін, оның көлемі ыстық судың жеке есептеу аспаптары жоқ тұтынушылардың арасында айырмашылық коэффициентін қолдана отырып бөлінеді.
Егер көрсетілген мерзімде есепке алу аспабын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, онда есептеу тәртібі және қалпына келтіруді есепке алу мерзімі тараптардың жеке қосымша шарт жасасу арқылы белгіленеді. Егер үшінші тұлғамен есепке алу аспабы ұрланған немесе бұзылған жағдайда, егер Шартпен өзге көзделмеген болса, есепке алу аспабын сақтауға, күтуге жауапты тұлға бір айлық мерзімде қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспабын қалпына келтіргенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

17.Тұтынушы құқылы:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) уәкілетті орган ведомствасы бекіткен тариф (баға, алымдар жинағы) бойынша жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерін сатып алуға;

2) осы Шартта белгіленген мерзімде жылу энергиясын қажетті көлемде және тиісті сапада алуға;

3) осы Шартта белгіленген теңгерімдік тиесілік шегінде қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) кәсіпкерлік мақсат үшін Шартпен анықталған тұтынылған жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласындағы заңнамасына сәйкес жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтердің (құн, алым жиынтығы) немесе олардың шекті деңгейінің өзгеруі туралы ақпаратты Жеткізушіден алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласындағы заңнамасына сәйкес үздіксіз айналым өндірісіне байланысты қызметі жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үзіліссіз алуға;

7) жасалған Шарт шарттарына сәйкес, жылу энергиясының берілмеуінен немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалдың орнын толтыру және жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтер төлем ақысы бойынша Жеткізушіден қайта есептеу жүргізуді талап етуге;

8) жылу энергиясын есепке алатын жалпы үйлік аспап болмаған жағдайда, нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтер төлем ақысы бойынша Жеткізушіден қайта есептеу жүргізуді талап етуге;

9) Шарт жасасуға және орындауға байланысты туындаған дау мәселелерін шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына хабарласуға;

10) бұқаралық тыңдалымдарға қатысуға;

11) Жеткізуші ұсынған қызметтер көлемі бойынша толық төлем жүргізгенде және Жеткізушіні ол туралы хабардар еткен жағдайда біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өзге де құқықтарының болуы;

13) Жеткізушінің нақты ұсынылған қызметтері үшін төлем ақысын төлеген жағдайда отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей Жеткізушіні жазбаша түрде ескертумен біржақты тәртіппен бұзуға. Сонымен қатар, жеке салынған ғимарат иесінің жылыту жүйесі көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ жылыту жүйесінің бөлігі болып табылса жылу энергиясымен жабдықтауға арналған Шарттан біржақты бас тартуға болмайды.

14) модемдік байланыс жоқ болуына байланысты Жеткізушіге ай сайын ағымдағы айдың 20-29 аралығындағы күндерінде пайдаланылған жылу энергиясы мен есепке алу аспаптары көрсеткіштері жайлы ақпаратты ұсынуға.

18.Тұтынушы міндетті:

1) Тұтынылған жылу энергиясы үшін осы Шартта белгіленген мерзімдерде толық көлемде

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

және уақытылы төлеуге;

2) Есепке алу аспабының істен шықаны немесе жұмыс режимі мен жағдайы бұзылғаны туралы Жеткізушіні тез арада жазбаша түрде хабардар етуге, ал егер есепке алу аспабының істен шықаны немесе жұмыс режимі мен жағдайы бұзылғаны туралы тәулік ішінде хабарламаған жағдайда, сәйкестік құжаттармен растау арқылы соңғы (ыстық сумен жабдықтауды есепке алатын аспап үшін) және тәуліктік статистикалық мұрағаттық деректер бойынша (жылу энергиясын есепке алатын аспап үшін) тексеру күннен бастап істен шыққан деп саналады.

3) пайдаланатын желілердің, аспаптардың және жабдықтардың тиісті техникалық жай-күйін сақтауды және қауіпсіздігін, тұтыну энергиясының белгіленген режимін, сондай-ақ Жеткізушіге энергияны пайдалану кезінде туындаған апат, өрт жағдайлары және өзге де бұзушылықтар туралы тез арада хабарлауды қамтамасыз етеді;

4) Жеткізуші беретін техникалық дайындық актісін рәсімдеу үшін пайдалануға рұқсат бергенге дейін және әрбір жылыту маусымы алдында жылу тұтынушы қондырғыларға жоспарлы жөндеу, апаттық-қалпына келтіру жұмыстарынан басқа жағдайларда, кешендік іс-шаралар жүргізуге;

5) жылу желісінің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жағдайы мен қауіпсізідігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алатын аспаптарға және жылу тұтынушы қондырғыларға Жеткізуші және Мемлекеттік энергетика қадағалау орган өкілдеріне кедергісіз рұқсат беруді қамтамасыз етуге;

6) Шартты (жылжымайтын мүлікті сатқан және т.б.) бұзу кезінде жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде нақты тұтынылған қызметтер үшін салыстыру есептеулерін жүргізіп және берешегі бар болса толығымен төлеу керек;

7) осы Шарттың 3 тармағында көзделген температуралық кестені және жылу тасымалдағыш шығынын орындауды қамтамасыз етуге;

8) есепке алатын аспаптың модемдік байланысы дұрыс жұмыс жасауын бақылауға.

19. Жеткізуші құқылы:

1) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушы орындауға міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Жылу энергиясын пайдалану қағдаларымен белгіленген тәртіппен есепке алу аспатарына техникалық қызмет көрсетуді және тексеруді ұйымдастыруды жүргізуге;

3) осы Шарттың 7 тармағында қарастырылған тәртіппен, осы Шарттың 7-тармағы 6) тармақшасында қарастырылған жағдайда Шарт міндеттерін орындауды біржақты тәртіппен тоқтатуға;

4) уәкілетті орган ведомствасы бекіткен тариф бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілген қызметтер үшін төлем ақысын өндіріп алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіпте тариф әрекет ету кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде реттелетін қызметтер тарифтерін төмендетуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

6) қолданыстағы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген өзге де әрекеттер жасауға,

20. Жеткізуші міндетті:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтер барлық тұтынушыларға бірдей жағдайда ұсынуға;

2) жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушылармен шарт жасасуға;

3) жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушылардан төлем ақысын қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде ұсынылған қызметтер үшін Тұтынушылардың құқықтарын бұзуды жібермеуге;

5) осы Шартта көрсетілген жылу желісінің теңгерімдік тиесілік бөлу шегіндегі жылу энергиясының параметрлерін қолдау көрсетуге;

6) Тұтынушыға мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде белгіленген сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтерді, сондай-ақ Шарт шарттарымен анықталған тәріпте және мерзімде ұсынуға.

7) жасалған Шарт шарттарына сәйкес, жылу энергиясының берілмеуінен немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалдың орнын толтыру мен жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтер төлем ақысы бойынша қайта есептеу жүргізуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақтылы температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөнінде қызметтер құнына қайта есептеу жүргізу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақтылы температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөнінде қызметтер құнына қайта есептеу жүргізу нәтижесі бойынша тұтынушыға қайтарып беру жүзеге асырылады;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергия сапасын бақылауға және есеп жүргізуге, жылу энергия сапасының бұзушылықтарын ескерту және жою жөнінде уақтылы шара қабылдауға;

9) Тұтынушының жылу энергия сапасы төмендегені туралы жазбаша өтінім берген ия болмаса ауызша өтініш білдірген күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде жылу энергия сапасын қалпына келтіру жөнінде барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеу жүргізуді орындауға;

10) Егер шартта өзгеше қарастырылмаса тұтынушыларға жылу энергиясын беруші энергиямен жабдықтаушы ұйым үздіксіз жүргізуге;

11) Егер Тұтынушы кінәсі бойынша есепке алатын аспап істен шыққан жағдайда, Тұтынушының өткен жылғы ұқсас кезеңі үшін жылу энергиясының орташа тәуліктік шығыны бойынша есептеу жүргізуге;

12) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде тарифтердің (құн, алым жиынтығы) немесе олардың шекті деңгейінің өзгеруі туралы ақпаратты тұтынушыға мәлімет ретінде жеткізуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

13) Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкестік өзгертулер жасалған жағдайда Тұтынушы үшін жылу энергиясына арналған тарифтер уәкілетті орган белгілеген тәртіпте төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электрэнергетика туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз айналым өндірісіне байланысты қызметі жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үзіліссіз ұсынуға;

15) тұтынушы өкілінің қатысумен жылу энергиясын есепке алатын аспап көрсеткішін алу ия болмаса энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның өкілімен тұтынушы өкілінің қатысуымен есепке алатын аспап көрсеткішін алуды қамтамасыз ету.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға пәтер ішіндегі желілерді, жылу энергиясын есепке алатын қолданыстағы сызбаны бұзуға, энергетика саласындағы нормативтік құжаттамамен белгіленген пайдалану қауіпсізідік талаптары мен басқа да талаптарға жауап бермейтін, реттеуші және ілмекті арматураларды, жабдықты және қондырғыны Жеткізуші келісімінсіз, сондай-ақ жылыту жүйелерінде жылу тасымалдағышты тікелей емес тағайындауда орнатуға, пайдалануға, қосуға, қайта жабдықтауға, жол берілмейді.
22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін немесе Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасын бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7. Есеп айырысу тәртібі

23. Тұтынушы уәкілетті орган ведомствасы бекіткен тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде Жеткізушінің қызметтер төлем ақысын жүргізеді.
24. Тұтынушы жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде Жеткізушінің нақты ұсынылған қызметтері үшін төлем ақысын айдың 25-нен кешіктірмей есепке алу аспабының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Егер есепке алу аспабы жоқ болған жағдайда, Тұтынушы осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.
25. Егер өткен кезең үшін берешек болған кезінде бірінші кезекте төлем ақысы осы берешекті өтеуге жіберіледі. Егер Тұтынушымен есептік кезеңдегі нақты төлем сомасы артық төленген жағдайда, осы артық төлем айырмашылығы автоматты түрде келесі есептік кезеңнің алдын ала төлемі (ия болмаса тараптардың келісімі бойынша Жеткізуші алдында Тұтынушының өзге де міндетті берешегін төлеу есебі, егер сондай бар болса) болып саналады. Егер Тұтынушы келесі есептік кезеңде Жеткізушінің қызметтерінен бас тартқан жағдайда төленген артық сомасы қайтарылып беріледі.
26. Егер коммерциялық есепке алу аспабының дұрыс жұмыс жасамау нәтижесінен және басқа да жағдайда шотқа түзетулер қажет болған жағдайда, Тараптар келесі есептік кезеңде шотқа түзету енгізеді.
27. Тұтынушы Жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде Жеткізушіның қызметтері үшін төлем ақысы бойынша шот-фактурада көрсетілген реквизиттер бойынша Жеткізушінің ағымдағы шотына ақшалай қаражатты аудару міндеттерін орындау деп танылады.

8. Келіспеушіліктерді шешу тәртібі

28. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты (күні, сағаты, минуты), сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес болмауы Жеткізуші ұйымның диспетчерлік қызметі журналында белгіленеді, кейіннен тиісті (тиесілі) сападағы жылу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

энергиясын беруді жаңғыртудың уақыты (күні, сағаты, минуты) туралы белгі қойылады.
29. Тұтынушы егер жылу энергиясын беруде үзілістер болған немесе тиісті емес сапада берілгені туралы Жеткізушіге бұл туралы жеке жазбаша өтінішпен (өтінім) немесе телефонограммамен уақытын, беру күні, оны қабылдаған және тапсырған адамның тегін, жылу энергиясының сапасы төмендей бастаған (болмаған) уақытты міндетті түрде көрсетумен хабарлайды. Телефонограммада жылу энергиясының сапасы төмендей бастаған (болмаған) уақытты, тауардың нашарлау сипаты және Жеткізуші (Жеткізушімен жылу энергиясын беруде үзілістер болған немесе тиісті емес сапада берілгені туралы журналында тіркелмеген) өкілдерінің қатысу қажеттігін көрсетіледі. Тұтынушы жеке өтініш білдерген кезінде өтінім келіп түскен күннен оның тіркеу нөмірін белгілеумен, берген күні және уақыты, оны қабылдаған Жеткізуші өкілінің қол қоюуымен өтінімнің көшірмесі болуы тиіс. Жылумен жабдықтау тоқтатылған жағдайда, өтініш немесе телефонограмма тез арада, ал параметрлері нашарлаған жағдайда - ауытқушылық басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Жеткізуші жылу энергиясы сапасының ауытқулары туралы немесе жылумен жабдықтау үзілісі туралы журналында, тұтынушы өтінішінде немесе телефонограммасында белгіленген белгілерді салыстырып тексереді және келіспеушіліктер болмаған жағдайда оның нақты тұтынылуына сәйкес есептік параметрлерден орта тәуліктік ауытқуынан шығара отырып жылу энергиясы құнын қайта есептеуді орындайды.
30. Жеткізуші жылу энергиясының берілмеуінің немесе сапасы төмен жылу энергиясының берілу фактісін растаудан бас тартқан жағдайда, Тұтынушы жазбаша өтініш жасайды, онда:

- жылу энергиясын беруден (ажыратудан) немесе оны сапасыз жеткізуден бас тартудың басталған уақыты;

- жылу энергиясы сапасының нашарлау сипаты;

- өтінішті (телефонограмма) беру уақыты және оның тіркеу нөмірі;

- жылу энергиясын беруді қалпына келтіру (оның сапасын қалыпқа келтіру) уақыты; жылу энергиясының болмау (сапасының нашарлау) кезеңі көрсетіледі.

Өтінішке тұтынушы, тұтынушының уәкілетті тұлғасы, екі тәуелсіз куәгер қол қояды және ол Жеткізуші ұйымға жіберіледі. Дау реттелмеген жағдайда, Тұтынушы Мемлекеттік энергетика қадағалау ұйымына немесе сотқа шағым беруге құқылы.

31.Тұтынушы желі суын рұқсатсыз алған, жылу тұтыну жүйесіне өз бетімен қосылған, тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын бүлдірген, есептеу торабында орнатылған пломбалар бұзылған немесе болмаған жағдайда энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен Жеткізуші ұйым акт жасайды, оның негізінде тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлемінде қайта есептеу жүргізіледі. Ыстық су бойынша қайта есептеу жылдан аспайтын кезеңде, ал жылу жүйесі үшін жылыту маусымының басынан бастап осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жағдайлар байқалған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен Жеткізуші ұйым өкілдерінің және тұтынушының немесе оның өкілінің қолы қойылған жағдайда жарамды. Акт тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда да, бірақ энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен Жеткізуші ұйымның құрамында кемінде үш адам бар комиссиясы ресімдеген жағдайда жасалады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9. Тараптардың жауапкершілігі.

32. Тараптар осы Шарт пен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шарттық міндеттерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болады.
33. Тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақы уақтылы төленбесе (Шарттың 28 тармағында қарастырылмаған басқа жағдайларда), Тұтынушы Жеткізушіге төлем мерзімі өтіп кеткен әрбір күн үшін берешек сомасының Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселік ставкасы мөлшерінде өсімақы төлейді.
Тұрақсыздық айыбының мөлшері Шарт жасасу кезінде белгіленеді. Тараптардың келісімімен басқа қарастырылмаса, есептік кезеңнен кейінгі айдың бірініші күні тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы болып табылады.
34. Егер Жеткізушіге Тұтынушыны жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызмет көрсетудің мүмкін еместігі Жеткізушімен шарттық қарым-қатынаста тұрған басқа тұлғалардың кінәсынан туындаған болса, Жеткізуші Тұтынушының алдында жауапты болады.
35. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

10. Форс-мажор жағдайлары

35. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, егер бұл төтеп бермейтін күш (стихиялық құбылыс, апат, төтенше жағдай режимін енгізу және т.б.) ықпалы салдарынан туындаған болса жауапкершіліктен босатылады. Осы жағдайда тараптардың қай жағының да залал орнын толтыруға құқықтары жоқ. Жоғарыда аталған жағдайлар болған кезде Тараптардың қай жағының да талабы бойынша өзара міндеттерді орындау мүмкіндігін анықтайтын комиссия құрылады. Сонымен қатар тараптардың қай жағының да төтеп бермейтін күш салдары орын алғанға дейін туындаған Шарт бойынша міндеттерінен босатылмайды.
36. Егер тараптардың бір жағы төтеп бермейтін күш салдары орын алған күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша өзінің міндеттерін орындайтын жағдайда болмаса, онда екінші жақ Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты бұзуға құқығы бар.

11. Жалпы ережелер мен дауларды шешу

38. Жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде қызметтерді көрсетуге арналған Шарт тараптармен жеке тәртіпте жасалады.
39.Осы Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немес жалпы ия болмаса Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты қандай да бір даулар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптардың кез-келген жағы даудың мазмұнын толық баяндаумен екінші жағына шағым жіберуге құқығы бар. Тараптар туындаған дауларды келіссөздер арқылы реттеу үшін барлық қажетті әрекеттерді қабылдауы тиіс.
40.Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.
41.Осы Шарттан келіп шығатын және олармен реттелмейтін Тараптардың қарым-қатынастары қолданыстағы Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы Заңнаммасымен реттеледі.
42.Шарт мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінде екі данада Тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалды. Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті орган аумағында тіркелген мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелерге арналған және тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

12.Шарттың әрекет ету мерзімі

43.Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың «31» 12 дейін әрекет етеді деп белгіленеді.
44.Егер тараптардың біреуі Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін отыз күнтізбелік күн бұрын шарттың мерзімін ұзарту туралы ниет білдірсе, онда шарттың мерзімін ұзарту туралы Шартқа қосымша келісім рәсімделіп, Шарттың әрекет ету мерзімі жылу энергиясы көлемін нақтылай отырып, анықталған мерзімге ұзартылады.
45.Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғанша осы мерзім аяқталғанға дейін орын алған бұзушылықтары үшін тараптар жауаптылықтан босатылмайды.

13.Тараптардың заңды мекен-жайлары, банктік реквизиттері және қолдары

Тұтынушы:
"№20 бөбекжай-балабақшасы" МКҚК
г.Алматы, Абылай Хана, 102
БСН 990340003099
БСК KCJBKZKX
ЖСК KZ298560000000010917
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 272-96-23
Меңгеруші Молжигитова А.Т.

Жеткізуші:
Алматы қ. "ForteBank" АҚ
IBAN KZ4996502F0008602380
БИН 060640007336
БИК IRTYKZKA
"Алматы жылу жүйесі" ЖШС
Алматы қ., Байзаков көшесі, 221үй
тел. 341-07-00
Коммерциялық директор Байчигасова Э.Ю.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	Алматы қаласы Білім басқармасының "№20 бала бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттелктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер.	Жылыту, ыстық су, хим су	Бір қызмет	1	2 110 000.00	Қаңтар-Желтоқсан 2019 ж	Қаңтар-Желтоқсан 2019 ж	Алматы қ., Алмалы ауданы Абылай Хан, 102 (1)	0	2 110 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

ДОГОВОР
на оказание услуг по снабжению тепловой энергией
№3924

г.Алматы **2019-01-03**

ТОО «Алматинские тепловые сети», именуемое в дальнейшем «Поставщик», в лице коммерческого директора Байчигасовой Эльмиры Юрьевны, действующего на основании доверенности №Д-0002/19 от 04.01.2019 года, с одной стороны, и пользователь услугами ГККП "Ясли-сад №20" в лице заведующей Молжигитовой А.Т. действующего на основании устава, именуемый в дальнейшем Потребитель, с другой стороны, заключили настоящий Договор (далее - Договор) о нижеследующем:

1. Основные понятия, используемые в Договоре

1. В Договоре используются следующие основные понятия:

расчетный период – период времени (календарный месяц), определяемый договором на теплоснабжение, за который потребленная тепловая энергия учитывается и предъявляется к оплате Потребителю;

граница балансовой принадлежности тепловой сети – точка (линия) раздела тепловой сети между Поставщиком и Потребителем в соответствии с их балансовой принадлежностью;

расчет за тепловую энергию – оплата Потребителя за потребленную тепловую энергию по истечении расчетного периода на основании предъявленного Поставщиком платежного документа;

система теплоснабжения – совокупность источников теплоты, тепловых сетей и теплопотребляющих установок;

теплопотребляющая установка – устройство, предназначенное для использования тепловой энергии, теплоносителя для нужд Потребителя тепловой энергии;

тепловая сеть – совокупность устройств, предназначенных для передачи, распределения тепловой энергии;

